



Ұлттық ұлан - ел айбыны

БҰРКІТ

№ 1 (97)
2024 жыл

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының журналы
Журнал Национальной гвардии Республики Казахстан



БҰА САҢДА:



4 РАБОТАТЬ СЛАЖЕННО И ЭФФЕКТИВНО



7 КЕҢЕЙТІЛГЕН ӘСКЕРИ КЕҢЕС



10 ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ – ӨРКЕНДЕУ КЕПІЛІ



16 «ҰЛТТЫҚ ҰЛАН – ЕЛ АЙБЫНЫ»



20 ҰЛАНДЫҚ МЕРЕКЕ



22 АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

1 (97) 2024 жыл

Алғашқы нөмірі 2005 жылы жарық көрді.
Журнал екі айда бір рет шығады.

“Ұлттық ұлан жаршысы” оқу-әдістемелік жинағы – журналдың қосымшасы болып табылады.

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы.

Бас редактор:

Ерболат Сұлтанов

Редакция алқасы:

Үмбетов Қ.Ж., Тоқышев Қ.Ж.,
Крамар А.А., Сұлтанов Е.М.,
Қожахметов Қ.Ә., Сиярбаев А.М.,
Сейітов Д.Б., Қайыркенов Р. Р.

Көркемдік дизайн және беттеу:

Дәуренбеков Р.М.

Фототілші:

Парпура М.А.,

Мұқабдағы суретті түсірген

С. Узбеханов

Материалдарды көшіріп басқан кезде журналға сілтеме көрсетілуі тиіс.

Редакция жариялануға жолданған материалдарды қысқартуға, автор көзқарасын сақтай отырып, әдеби-көркем тұрғыдан өңдеуге құқылы. Қолжазбалар таратылмайды және қайтарылмайды. Фактілердің растығына және кейіпкерлердің аты-жөндерінің дұрыстығына, құпиялардың сақталуына – мақала авторы, баспа өнімінің сапасына – баспахана жауапты. Оқырмандармен байланыс тек журнал беттері арқылы жүргізіледі.

Басылымға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 23.01.2015 жылғы № 15076-Ж бұқаралық-ақпарат құралдары есебіне алу туралы куәлігі берілді.

Редакция мекен-жайы: 010000

Астана қ., Жангелдин к., 2

тел.: 8 (7172) 39-18-16, 72-40-30

«Көкше-Полиграфия» акционерлік қоғамы Ақмола облысы, Көкшетау қ. Ауельбекова, 98

Теруге 20.02.2024 ж. берілді.

Баспаға 07.03.2024 ж. жіберілді.

Қағаз форматы – А4

Таралымы 1500 дана

Тапсырыс № 305

Мазмұны

4

Работать слаженно и эффективно
Akorda.kz

6

Келелі жиын
Polisia.kz

7

Кеңейтілген Әскери кеңес
**ҚР Ұлттық ұланының
баспасөз қызметі**

8

Войскам правопорядка - 32 года!
**Пресс-служба
Национальной гвардии РК**

10

Ел тыныштығы– өркендеу кепілі
Қуаныш ҚОЖАХМЕТОВ

16

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты
Бақтықожа Ізмұхамбетов:
«Ұлттық ұлан – ел айбыны»
Дарын **СЕЙІТОВ**

20

Ұландық мереке
**ҚР Ұлттық ұланының
баспасөз қызметі**

22

Ардагерлерге құрмет
**ҚР Ұлттық ұланының
баспасөз қызметі**

24

«Офицер атанғанымды мақтан етемін!»
Құралай **ЖҰМАҚЫЗЫ**

28

Наукой и делом
Егор **БОНК**

33

Сердце не спрячет за спины ребят
Руслан **КАЙЫРКЕНОВ**

37

Өмірін әскер өзгерткен
Жанболат **КЕНЖЕҒҰЛ**

РАБОТАТЬ СЛАЖЕННО И ЭФФЕКТИВНО



Под председательством Президента Касым-Жомарта Токаева состоялось расширенное заседание коллегии министерства внутренних дел. В мероприятии приняли участие руководство Администрации Президента и ряда государственных органов, акимы регионов, члены коллегии МВД, руководящий состав центрального аппарата и руководители территориальных департаментов полиции.

Как подчеркнул Глава государства, полиция играет важную роль в укоренении в стране принципа «Закон и Порядок».

– Борьба с преступностью и охрана общественного порядка – важнейшая задача, требующая огромной ответственности. Каждый гражданин должен чувствовать себя в безопасности. Для этого правоохранительная система должна работать слаженно и эффективно. Прежде всего, в стране должны неукоснительно выполняться требования закона. Любой, кто нарушит закон, должен быть наказан, – заявил Президент.

Касым-Жомарт Токаев отметил, что низкая правовая грамотность ведет к серьезным негативным последствиям.

– Это, в конечном счете, тормозит развитие страны и отражается на имидже государства. Вандализм в общественных местах является тому подтверждением. Большую угрозу представляет деструктивная идеология, особенно для молодого поколения, которое идет на поводу

сомнительных идей и следует за псевдогероями. В социальных сетях распространяются материалы, подталкивающие молодежь к незаконным действиям. Есть даже те, кто возводит в кумиры лиц, открыто попирающих законы. Наши граждане должны выступать против беззакония, а это значит, что нам нужен сильный иммунитет к любым правонарушениям. Мы должны противодействовать попыткам оправдания деструктивного, асоциального поведения и не допускать правового нигилизма. Уважение к закону должно восприниматься как одно из основных качеств ответственного гражданина. Это общая задача не только государственных органов, но и всех граждан. Одним словом, обеспечение верховенства закона и порядка – главное условие построения Справедливого Казахстана, – подчеркнул Глава государства.

Лидер Казахстана считает, что правоохранительным органам следует уделить пристальное внимание профилактике правонарушений.

– Зачастую главной причиной

преступлений является асоциальный образ жизни. Поэтому важно точно работать с лицами, склонными к нарушению закона, нивелировать все предпосылки их антиобщественного поведения. Однако надо признать, что на сегодня система профилактики преступлений неэффективна и требует кардинального обновления. Из поля зрения выпадает значительная доля лиц, относящихся к группам риска. Индивидуальная профилактика сведена к ограничительно-принудительным мерам. На уровне местных сообществ эта работа ведется несистемно, нет действенных механизмов координации. Назрела потребность в разработке единого закона в сфере профилактики правонарушений. В законопроекте следует полностью пересмотреть перечень лиц, подлежащих профилактическому воздействию. Нужно четко прописать компетенции ответственных органов, механизмы координации, инструменты индивидуальной профилактики, – сказал Президент.

Глава государства убежден, что это имеет большое значение, в том числе для противодействия семейно-бытовому насилию. По его словам, превентивная работа здесь играет не менее важную роль, чем оперативное реагирование и справедливое наказание.

– Как вы знаете, я уже высказывался о том, что поддерживаю ужесточение ответственности за подобные преступления. Соответствующие поправки в Уголовный кодекс будут приняты в ближайшее время. Министерству внутренних дел нужно заблаговременно подготовить сотрудников к переходу на новый формат работы. Следует учесть все проблемы, имевшиеся ранее в правоприменительной практике. Кроме того, остро нуждается в обновлении система защиты прав несовершеннолетних. К этой работе Правительству надо подойти обстоятельно, привлечь к ней институты гражданского общества и экспертов, – подчеркнул Касым-Жомарт Токаев.

Он полагает, что необходимо реализовать на практике ключевые принципы сервисной модели полиции. Это, в первую очередь, умение слышать запросы общества и оперативно



реагировать на них.

– Важно выстраивать эффективные каналы обратной связи, предлагать людям взаимовыгодные формы сотрудничества. Уверен, опора на инициативных и неравнодушных граждан позволит обеспечить на деле соблюдение принципа нулевой терпимости к правонарушениям, – заявил Глава государства.

Наряду с этим Касым-Жомарт Токаев считает, что вместе с обществом должна кардинально измениться и полиция.

– Полиция всегда должна быть примером для народа. Только тогда люди поверят в полицию и будут рассчитывать на нее. К сожалению, мы не можем сказать, что это относится ко всем стражам порядка. Выявляются сотрудники, совершившие серьезные преступления. В последнее время такие факты даже участились. Ни в коем случае нельзя допускать и оправдывать такие действия. Подобные случаи перечеркивают огромную работу всего личного состава. От таких лиц, подрывающих авторитет государственной власти, нужно избавляться. Следует также дать оценку и руководителям, неспособным либо нежелаящим обеспечить соблюдение дисциплины подчиненными, – отметил Президент.

В ходе коллегии Глава государства поддержал предложение министра внутренних дел провести внеочередную аттестацию руководящего состава среднего звена в этом году.

– Министерство в этом вопросе должно занять принципиальную позицию. Во время ее проведения не должно быть круговой поруки. Нельзя допустить, чтобы аттестация превратилась в инструмент для сведения личных счетов. Главная цель – очистить личный состав от неком-

петентных и нечестных в работе руководителей, что позволит сформировать профессиональный кадровый резерв. Администрация Президента будет осуществлять контроль за этим процессом, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Президент обратил особое внимание на обеспечение безопасности детей. В частности, в прошлом году на 22% увеличилось количество преступлений против несовершеннолетних. В выступлении указано на необходимость усилить профилактическую работу, в том числе совместно с руководством школ.

– Важнее всего жизнь, судьба и здоровье молодого поколения. Поручаю Правительству тщательно проанализировать вопрос защиты детей от насилия и принять конкретные меры. Подростки не должны бездельничать. Необходимо способствовать тому, чтобы они уделяли больше внимания творчеству и спорту. Детей нужно приобщать к труду, привлекать к волонтерской деятельности. В этом деле недопустимо очковтирательство, – указал Глава государства.

Кроме того, Президент потребовал усилить борьбу с распространением наркотиков.

– Я несколько раз давал поручения по данному вопросу. Однако серьезных результатов нет. Доступность синтетических наркотиков и их стремительное распространение ведут к росту наркомании среди молодежи. Нужно широко разяснять опасные последствия наркозависимости. Полиция должна активно бороться с производством, продажей и распространением наркотиков. Надо прекратить кампанийщину и работу только ради статистики, – подчеркнул Касым-Жомарт Токаев.

Также поручено поставить заслон

киберпреступности и интернет-мошенничеству.

– Воры и бандиты должны сидеть в тюрьме. Это единственная цель вашей работы против криминала. Бескомпромиссная борьба с криминалитетом – ваша прямая ответственность и служебный долг, – заявил лидер Казахстана.

Касым-Жомарт Токаев также призвал соблюдать права лиц, отбывающих наказание. По его мнению, тюрьма – это не только место наказания виновного, но и учреждение, после которого человек не должен возвращаться на криминальный путь.

Вместе с тем Президент полагает, что деятельность органов правопорядка формирует образ всего государства в глазах граждан.

– Мы не должны проходить мимо всех случаев ответственного выполнения полицейскими своих служебных обязанностей, особенно проявления ими подлинного героизма (а таких случаев немало), следует по достоинству оценивать их работу, отмечать самыми высокими наградами. Важно стремиться к формированию положительного имиджа полиции именно на основе реального повышения эффективности ее деятельности, конкретных случаев профессионализма, ответственности, героизма, – сказал Глава государства.

На заседании коллегии министр внутренних дел Ержан Саменов отчитался о проводимой работе и мерах по профилактике и борьбе с преступностью, семейно-бытовым насилием, правонарушениями среди подростков, интернет-мошенничеством, а также о мерах по повышению эффективности деятельности органов внутренних дел.

Akorda.kz



КЕЛЕЛІ ЖИЫН



ІІМ-де орталық аппарат қызметтері мен аумақтық департаменттердің, қалалық басқармалар мен аудандық полиция бөлімдерінің бастықтарымен, Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтары басшыларының қатысуымен отырыс өтті.

Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты Ержан Саденов қызметкерлерге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ведомство алқасында ішкі істер органдарының алдына қойған негізгі міндеттерін жеткізді. Министрдің орынбасарлары өткен жылғы жұмысты қорытындылап, өздері

жетекшілік ететін бағыттар бойынша 2024 жылға арналған жоспарларымен бөлісті.

Отырыс барысында министр қылмыстың жекелеген түрлерінің өсуі байқалатын және оларды ашу деңгейі төмендеген өңірлік полиция департаменттерінің жұмысын сынға алды. Әріптестеріне

алдағы аттестация туралы ескертіп, биыл министрлік кадр сапасын арттыруға ден қоятынын айтты. – Біздің негізгі міндетіміз – қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету. Заң және тәртіп, құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік, жазаның бұлтартпастығы бірінші орында тұруы керек. Сондықтан жасақтардың жүйелі жұмысын ұйымдастырып, көшелер мен аулаларды барынша қамтуды, мектептер мен жоғары оқу орындарында профилактикалық жұмысты күшейтуді тапсырамын, – деп атап өтті министр. Сондай-ақ ол аумақтық полиция департаменттерінің бастықтарына азаматтарды жеке қабылдап отыруды, олардың конституциялық құқықтары мен тергеу мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етуді, көші-қон саласына патрульдік, учаскелік инспекторлар мен жедел қызметкерлерді жұмылдыруды тапсырды. Жиында ІІО қызметтері мен бөліністеріне тағайындалған жаңа басшы-

лар таныстырылды. ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Ішкі істер министрінің бұйрығымен қызметті күшейту үшін криминалдық полиция департаментінің бастығы лауазымына полиция полковнигі Қанат Нұрмағамбетов тағайындалды. Бұған дейін ол министрліктің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің бастығы болған. ҚАЖК төрағасы лауазымына әділет полковнигі Теңізжан Жәнібеков тағайындалды. Ол бұрын Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы қызметін атқарған. Бұрын ІІМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары болған полиция полковнигі Сарқытбай Құсайынов Жетісу облысы ПД бастығы лауазымына тағайындалды.

Polisia.kz



КЕҢЕЙТІЛГЕН ӘСКЕРИ КЕҢЕС

Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығында ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановтың төрағалығымен Әскери кеңестің кезекті кеңейтілген отырысы өтті.



Отырысқа өңірлік қолбасшылықтарының қолбасшылары, Ұлттық ұлан Академиясының бастығы, әскери бөлім командирлері,

бас басқармалар мен басқармалардың, сондай-ақ әскери полиция қызметтерінің, орталықтардың және дербес бөлімдердің бастықтары қа-

тысты.

Айтып өту керек, өңірлік қолбасшылықтар мен барлық әскери бөлімдер отырысқа онлайн-режимде қосылды.

Әскери кеңесте 2023 жылғы әскердің қызметтік-жауынгерлік іс-қимылы қорытындыланып, алдағы кезеңге міндеттер қойылды.

Бас қолбасшы орынбасарлары бөлімдер мен бөлімшелердің қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетін ұйымдастыру, кадрларды нығайту, әскери тәртіп пен құқықтық тәртіпті сақтау бойынша мәселелер көтерді.

Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары генерал-майор Қайрат Үмбетов «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру, жеке құрамның моральдық-жауынгерлік рухын арттыру және әскери ұжымдарды біріктірудегі елеулі кемшіліктер туралы» баяндама жасады.

– Мемлекет басшысы және ПМ мен Ұлттық ұлан басшылығы қазақстандық патриотизмді нығайту





бойынша бірқатар тапсырма қойды. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Өткен жылы 11 әскери қызметші мемлекеттік наградалармен марапатталды. Ұлттық ұлан арнайы мақсат бөлімшесі туралы «Бүркіт» көркем фильмі үлкен экрандар арқылы көрермендерге жол тартты. «Жас бүркіт» әскери-патриоттық қозғалыстың 20 жылдығын атап өттік. Ұлттық ұлан бойынша 39 ашық есік күндері ұйымдастырылды, – дейді өз баяндамасында әскердің бас тәрбиешісі.

Сонымен қатар, кемшіліктер де тілге тиек етілді. Соның ішінде офицерлер мен мерзімді әскери қызметшілер арасындағы қылмыстың өсуі басшылықты аландатуда.

«Жеке құрам арасындағы әскери тәртіптің, заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы» баяндаманы Әскери полиция бастығы полковник Қуат Томашинов жасады.

Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы баяндамалар аяқталған соң тәртіп пен тәрбие жұмысына қатысты бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ, бұзушылыққа жиі жол берген әскери бөлім командирлерін тыңдап, жіберілген олқылықтар туралы ақпанда өтетін командирлер дайындығында егжей-тегжейлі қарастыратынын ескертті.

Отырыс барысында әскерлердің

жауынгерлік және жұмылдыру дайындығын арттыру, жеке құрамның моральдық-психологиялық жай-күйін нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Шара соңында 2024 жылғы жауынгерлік сайыс бастамашысы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5511 әскери бөлімінің командирі полковник Айбек Исенов жеке құрамына Үндеуін жариялады.

Отырыс қорытындысы бойынша басшылық ету және орындау үшін өңірлік қолбасшылықтар мен әскери бөлімдерге жіберілетін Әскери кеңес Қаулысы қабылданды. Сонымен қатар, Спартакиада және спорттық-бұқаралық жұмыс жеңімпаздары марапатталды.

**ҚР Ұлттық ұланының
баспасөз қызметі**



ВОЙСКАМ ПРАВОПОРЯДКА - 32 ГОДА!

Ровно 32 года назад, 10 января 1992 года были созданы Внутренние войска МВД Республики Казахстан, а 21 апреля 2014 года они были преобразованы в Национальную гвардию. Но, сохраняя преданность славным традициям войск, датой создания войск правопорядка считается 10 января. На протяжении всего этого времени гвардейцы надежно обеспечивают общественную безопасность, защищают права и свободы человека и гражданина от преступных и других незаконных посягательств.



В честь этой знаменательной даты в Главном командовании Национальной гвардии состоялось торжественное мероприятие, посвященное Дню войск правопорядка. В ходе мероприятия, посвященного добросовестному исполнению служебно-боевой деятельности, достижениям в воинской службе и Дню Национальной гвардии - 79 военнослужащих были награждены Приказом Министра внутренних дел, а Приказом Главнокомандующего Национальной гвардией 18 военнослужащих получили досрочно воинские звания, более 170 военнослужащих были награждены благодарственными письмами и грамотами.

Заместитель Министра внутренних дел РК - Главнокомандующий Национальной гвардией генерал-лейтенант Еркин Ботаканов поздравил ветеранов и личный

состав с днем формирования войск правопорядка.

– Ежегодно при несении службы гвардейцы проявляют смелость, бдительность, совершают самоотверженные поступки, которые помогают гражданам в различных ситуациях. Военнослужащие войск правопорядка всегда добросовестно выполняют свои обязанности и неустанно служат Отчизне. От имени Главного командования и от себя лично поздравляю Вас, личный состав и ветеранов войск правопорядка и желаю здоровья, благополучия семьям и успехов в службе по защите нашей Родины, – поздравил Главнокомандующий.

Кроме того, были зачитаны поздравительные телеграммы от имени Командующих Внутренними войсками соседних стран, а также пожелание гвардейцам выразил заместитель

командующего Силами специальных операций полковник Саят Бурбасов.

– Поздравляю ветеранов и военнослужащих Национальной гвардии с сегодняшней знаменательной датой. Вы обеспечиваете безопасность общества и страны, проявляете настоящий героизм и мужество, настойчивость и сдержанность. Ваш нелегкий труд всегда высоко ценится, поэтому желаю успехов в службе и благополучия вашим семьям. С Днем основания Национальной гвардии, – отметил полковник Саят Бурбасов.

Стоит отметить, что вечером в Государственной академической филармонии им. Е. Рахмадиева состоялась Гала-концерт Ансамбля песни и танца Национальной гвардии под девизом «Үлттық ұлан – елдің қорғаны!».

Пресс-служба
Национальной гвардии РК



ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ– ӨРКЕНДЕУ КЕШІЛІ

Мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етпей, елдегі жүргізіліп жатқан реформаларды табысты іске асыру мүмкін емес. Бұл міндетті орындауда биыл 10 қаңтар күні құрылғанына 32 жыл толған Ішкі әскерлердің құқықтық мирасқоры – Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы зор рөл атқарады.

Өткен жылдарға шолу жасап, әскердің бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақановпен болған сұхбатта айтылады.

– Еркін Советбекұлы! 10 қаңтар күні құқықтық тәртіп әскерлеріне 32 жыл толды. Атқарылған ауқымды істер



баршылық. Осы туралы және кейінгі жылдары әскерді одан әрі жетілдіру мен оның әлеуетін арттыру бойынша жүргізіліп отырған негізгі бағыт-

тар туралы айтып өтсеңіз.

– Ел басшылығының қолдауымен осы жылдар ішінде Ішкі әскерлердің





калыптасуы мен дамуынан бастап Ұлттық ұланның қазіргі деңгейіне жету үшін ауқымды жұмыстар жасалды.

Әскерлерді басқару тәсілін нығайту үшін өңірлік қолбасшылық жүйесі құрылды. Өңірлік қолбасшылықтар мен құрамалар командирлерін жеке дайындау, олардың штабтары мен басқару органдарын даярлау – оларға күнделікті және кенеттен туындайтын міндеттерді дербес орындауға мүмкіндік береді.

2014 жылы Ішкі әскерлерді Ұлттық ұланға айналдыру туралы шешім қабылданды. Бұл ұйғарым елдегі әскерлерді дамытудың маңызды кезеңі болып саналады. Нәтижесінде ірі құрылымдық қайта құру процесі жүргізілді. Биылғы көктемде бұл тарихи оқиғаға 10 жыл толуының символдық мәні бар.

Бүгінде құқықтық тәртіп әскерлері Ішкі істер органдарының негізгі күштік құрамдас бөлігіне жатады және мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздік жүйесінде ерекше маңызға ие. Кейінгі жылдары туындаған дағдарыс жағдайында әскерлерді қолдану бойынша тәжірибе жинақталды, жіберілген оқшылықтардан сабақ алынып, қорытындылар жасалды және олардың қызметіне түзетулер енгізілді.

Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың талаптары аясында Ұлттық ұланды одан әрі дамытудың негізгі бағыттары айқындалды. Әскерлерді сапалы және сандық тұрғыда нығайту үшін Ұлттық ұланды дамытудың 2021-2027 жылдарға арналған Кешенді жоспары бекітілді. Ұлттық қауіпсіздікке төнуі мүмкін қауіп-қатерлерді ескере отырып, жеке құрамды даярлау, оқыту және тәрбиелеу жөніндегі басшылық құжаттар қайта өңделді.

Оның жауынгерлік әлеуетін арттыру мақсатында арнайы мақсаттағы бөлімшелердің ұйымдық-штаттық құрылымын жетілдіру жөнінде шаралар қабылданды және жаңа «Бүркіт» жасақтары құрылды.

Жедел мақсаттағы полктер негізінде Алматы, Ақтөбе және Тараз қалаларында бригадалар құрылды, ал Павлодар, Талдықорған және Жаңаөзен қалаларында жекелеген батальондар полктерге айналды. Бұған қалалар мен облыстардың әкімдері көп көмек көрсетті.

Әскери-көліктік және армиялық авиацияны дамыту, әскерлерді автобронетанк техникасының заманауи үлгілерімен жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама шеңберінде 190-ға жуық автобронетанк техникасын сатып алуға шарттар жасалды, олар қазіргі уақытта келісімдерге сәйкес әскери бөлімдерге жеткізілуде.

Әскерлердің жедел іс-қимылдары үшін 2025 жылдың соңына дейін су жаңа бес әскери-көлік ұшағын сатып алу жоспарлануда. Олардың біреуі мерзімінен бұрын өткен жылдың соңында жеткізілгенін айта кеткен абзал.

Астана қаласында орналасқан 3656 әскери бөлімінің жаңа авиациялық базасының объектілерін салу жөніндегі инвестициялық жоба сәтті аяқталды. Бұл біздің өңірде жүзеге асырылған жалғыз жоба. Бұған 2023 жылы республикалық бюджеттен 4

млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Биылғы жылдың мамырында жаңа авиабазаның тұсаукесерін жоспарлап отырмыз.

Бұл жерде, Мемлекет басшысының бастамасымен Ұлттық ұлан ұшқыштарының жоғары кәсібилігінің арқасында күрделі сейсмикалық жағдайлар кезінде шет мемлекеттерге гуманитарлық көмек жеткізу бойынша міндеттер жоғары деңгейде орындалғанын атап өткім келеді. Мысалы, біздің ұшу экипаждарымыз былтыр Түркия Республикасына, Сирия Араб Республикасына және Ауғанстан Ислам Әмірлігіне гуманитарлық жүк жеткізу мақсатында бірнеше қатынас жасады.

Сонымен қатар әскери басқару органдарын жетілдіру және кәсіби шеберлікті арттыру жолында Ұлттық ұлан бөлімшелері басқа күш құрылымдарымен бірлескен оқу-жаттығуларға, сондай-ақ ҰҚШҰ шеңберіндегі халықаралық оқу-жат-





тығуларға тұрақты қатысып келеді.

Тек өткен жылы ғана әскери басқару органдары, Ұлттық ұланның әскери бөлімдері мен бөлімшелері өзара іс-қимыл жасайтын мемлекеттік органдармен бірге 206 оқу-жаттығуға (семинарларға) қатысты. Оның ішінде: 13 халықаралық, 7 республикалық, (оның ішінде ПМ басшылығымен - 1, ТЖМ - 4, ҰҚК - 2), ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің басшылығымен 20 оқу-жаттығуға, Қарулы Күштермен 14 және ҰҚК Шекара қызметімен өткізілген 4 оқу-жаттығу жиынына қатысты.

Сондай-ақ, әскерлер «Антитеррор» арнайы жедел жоспары бойынша 56 жедел-тактикалық оқу-жаттығуға және ПМ-нің арнайы жедел жоспары бойынша өзара іс-қимыл жасайтын органдармен 92 тактикалық-арнайы оқу-жаттығуға қатысты.

– Осы ретте Ұлттық ұланның бүгінгі таңдағы атқаратын міндеттері мен өткен жылдың қорытындысына тоқтала кетсеңіз.

– Қазіргі уақытта Ұлттық ұлан аса маңызды объектілерді күзету жөніндегі міндеттерді орындайды, түзеу мекемелерін күзетуді қамтамасыз етеді және республика аумағы бойынша арнайы контингентті айдауылдау бойынша қызмет атқарады. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін барлық облыс орталықтарында қоғамдық тәртіпті қадағалауға белсенді түрде қатысады, ал мемле-

кеттің Әскери доктринасына сәйкес «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің күштері экстремизм мен терроризмге қарсы күрес міндеттерін орындайды.

Ұлттық ұланның жедел және арнайы моторландырылған әскери бөлімдері мен бөлімшелері Ішкі істер органдарымен бірлесіп еліміздің 21 қаласында қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысады.

2023 жылы патрульдік-бекеттік қызмет атқару үшін күн сайын орта есеппен 5500 әскери қызметші бөлінді. Бұл ретте патрульдік-бекеттік қызметтің бес мыңға жуық міндеті орындалды, 20 мыңнан астам құқық бұзушы ұсталып, ішкі істер органдарына жеткізілді. Олардың мыңнан астамы қылмыс белгілерімен байланысты. Мемлекет есебіне жалпы көлемі 59 млн теңгеден астам айыппұл өндірілді. Барлығы 135 суық және атыс қаруы алынды, сондай-ақ есірткі қылмысының 122-ден астам фактісі анықталып, жалпы салмағы 2,5 келі есірткі тәркіленді.

Өткен жылы әскерлер мыңға жуық қоғамдық-саяси және мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге қатысты. Атап өтуіміз керек, 2023 жылы жеке құрам алғаш рет Қонаев және Түркістан қалаларында қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қорғау қызметіне кірісті.

Қазіргі уақытта Ұлттық ұланның қарауылдары ИМ Қылмыстық-атқа-

ру жүйесінің 40 мекемесін және өндірістік объектіні күзетеді, сотталғандар мен күзетпен ұсталатын адамдарды темір жол бойының 11 және көлікжолдың 23 бағыты бойынша айдауылдауды қамтамасыз етеді. Біздің қатысуымызбен Астана, Шымкент қалаларындағы соттардың, әскери соттың, 7 мамандандырылған ауданаралық соттың 4 елді мекендегі көшпелі отырысы, 5 облыстық және 5 әскери соттың, 1 мамандандырылған ауданаралық әскери соттың отырысын және ҰҚК Департаментінің 4 тергеу изоляторының сот мекемелеріндегі отырыстары өткізіледі.

Бытыр жауынгерлік қызмет атқару барысында ұландықтар сотталғандардың қашу әрекеті бойынша 2 фактінің алдын алды, олардың ішкі тыйым салынған аймаққа өтуі бойынша 14 фактінің, тыйым салынған заттарды негізгі қоршау арқылы өткізудің 158 фактісінің алдын алды. ҚАЖ мекемелерінің көліктік бақылау-өткізу пункттері арқылы тыйым салынған заттарды тасымалдаудың 20 фактісіне тосқауыл қойылды. Сондай-ақ тыйым салынған заттарды негізгі қоршау арқылы мекемелерге өткізуге талпынған 90 азамат ұсталды.

Айдауылмен алып жүру бойынша бес мыңнан астам қарауыл қызметі орындалды. Олар 69 мыңнан астам сотталғандар мен қамауда отырған



адамдарды тасымалдады, оның ішінде 2 154 сот үдерісін жүргізу кезінде тәртіпті бақылауға қатысты.

Ұлттық ұлан қарауылдарының жеке құрамы мен бақылаушыларының қырағылығы нәтижесінде түзету мекемелеріне заңсыз кіргізілмек болған 1 370 дана ұялы телефон, 629 дана SIM карта, 120 мың теңге ақша, 727 дана суық қару және жалпы салмағы 2,7 килограмм есірткі заттары, құрамында спирті бар 92,8 литр сұйықтық, 12 дана оқ-дәрі, 1 дана травматикалық қару мен оның 7 дана оқ-дәрісі анықталып тәркіленді.

Аса маңызды объектілерді күзететін әскери бөлімдер 12 стратегиялық нысанды күзету бойынша 5830, және 3 аса маңызды мемлекеттік нысан мен арнайы жүктерді күзету бойынша 5 жауынгерлік қызметтің міндеттерін орындады. Бұл ретте өткізу режимін бұзған 845 адам ұсталды.

Арнайы мақсаттағы әскери бөлімдер (бөлімшелер) барлығы 5016 түрлі қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындады, оның ішінде жедел-ізвестіру іс-шаралары мен арнайы операцияларды жүргізу кезінде жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен бірлесіп 1006 жауынгерлік міндет атқарылды. Бұл ретте қылмыс және әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп күдікке ілінген 998 адам ұсталды.

ІМ және ҰҚК Орталық аппараттарымен бірлесіп 12 ауқымды арнайы операция жүргізілді, оның барысында 10 тұрақты қылмыстық топтың (қоғамдастықтың) қызметі тоқтатылды. Олардың 17 көшбасшысы мен топтардың 124 белсенді қатысушысы, оның ішінде деструктивті бағыттағы дәстүрлі емес діни ағымдарды ұстанушылар ұсталды. Заңсыз айналымнан 395 бірлік атыс және травматикалық қару, 233 бірлік суық қару, 13 дана жарылғыш құрылғылар мен олардың компоненттері, 13 мыңнан астам оқ-дәрі, сондай-ақ, 9 тоннаға жуық есірткі, оның ішінде 390 килограмм героин және психотроптық заттар тәркіленді.

– *Генерал-лейтенант мырза! Әскердегі офицер кадрларын даярлау жұмысы мен әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайы қандай деңгейде?*

– Бүгінде тәуелсіздігіміздің басында құрылған Ұлттық ұлан Академиясының түлектері әскер бөлімдер мен құрамалар қолбасшылығының негізгі тірегіне айналып үлгерді. 2022 жылы Ұлттық ұлан әскери институтына Академия мәртебесінің берілуі маңызды оқиғалардың бірі болды. Бұл оқу орнының беделін көтеруге және әскерлерге, елдің басқа да күш құрылымдарына және

Тәжікстанда әскери кадрлар даярлау деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Ұлттық ұланның қазіргі даму қарқыны мен олардың санының артуы даярланған офицерлік кадрлардың сапасын арттыру қажеттілігін аңғартады. Осыған байланысты, былтырдан бастап Академияда магистратура бағдарламасы бойынша офицерлер дайындалуда.

Мемлекет басшысы Ш Бүкілармиялық кеңесте айтқандай, отандық әскери академиялар мен институттар халықаралық стандарттарға сай болуы тиіс. Осы саладағы жоғары оқу орындарының материалдық базасын нығайту керек.

Мәселен, мемлекеттің қамқорлығының арқасында Петропавлдағы оқу орнының аумағында заманауи оқу корпусының, жатын-жайдың және спорт кешенінің белсенді құрылысы жүріп жатыр. Сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстарға күрделі жөндеу жүргізілуде. Бұл мақсаттарға 10,8 млрд теңге бөлінді, оның ішінде 2023 жылы құрылысты жалғастыру үшін 4,7 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген болатын.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жоғары әскери оқу орындарының азаматтық қызметшілері мәртебесі бар профессор-оқытушылар құрамының жалақысы – 50 пайызға көбейтілді, ал 2024-2025 жылдары ол





жыл сайын тағы 30 пайызға арттырылады. Сонымен қатар, Академия әскери қызметшілерінің ақшалай қаражаты 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап өңірлік қолбасшылықтың лауазымды әскери қызметшілерінің жалақылары мөлшерімен теңестірілді.

Мемлекет қабылдаған шаралардың арқасында тұрғын үймен мәселелер шешілді, әскери қызметшілердің ақшалай қаражаты артып келеді. Біз ел басшылығы саясатының әлеуметтік бағытының салмағын сезіндік және біздің қажеттіліктеріміз бен сұраныстарымызды қанағаттандырғанына ризамыз.

Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық ұлан басшылығы әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау, қажетті тұрғын-жай бойынша жағдай жасау, әскери ұжымдарда жайлылық пен салауатты моральдық ахуал қалыптастыруға ерекше назар аударады.

Әскердегі тәрбие іс-шараларының кешенді жүргізілуінің арқасында есепті кезеңде қылмыстық құқық бұзушылықтарды 13 пайызға төмендетуге мүмкіндік берді.

– Жау жоқ деме, жар астында, деген халқымыз. Бұл тұрғыда ұрпақтар сабақтастығы мен елдің ертеңі – жастарымызды тәрбиелеуде армияның орны бөлек. Осы туралы айтып өтсеңіз.

– Өскелең ұрпақ пен әскери қызметшілерді патриоттық тәрбиелеу әрқашан Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының басым міндеттерінің бірі болып қала береді.

Мемлекет басшысы өткен жылдың мамыр айында Астанада өткен III Бүкілармиялық кеңесте сөйлеген сөзінде: «Әскери қызметшілеріміз «азамат» сөзіне сай болуы үшін жастарды патриотизм, адамгершілік және мейірімділік сезімдерімен тәрбиелеуіміз керек. Осылайша, армия рухани-адамгершілік тәрбиенің тірегіне айналуға тиіс», деген болатын.

Әскерге шақырылған және әскерге дейінгі жастар арасында тәрбие және идеологиялық жұмысты күшейту мақсатында әскери бөлімдерде «Жас Бүркіт» әскери-патриоттық қозғалысы ұйымдастырылды. 2023 жылдың күзінде біз бұл қозғалыстың қалыптасуының 20 жылдығын атап өттік. Өңірлерде қамқорлыққа алынған 61 әскери-патриоттық сынып және «Жас Бүркіт» аталатын 7 спорттық әскери-патриоттық клубы жұмыс істейді.

Былтырғы жылдың қараша айында Ішкі істер министрі, полиция генерал-лейтенанты Ержан Сәденовтің бастамасымен тәлімгерлер кеңесі құрылып, оған әр жылдары ведомствоның басшылық лауазымдарында болған Құрметті қайраткерлер мен Ұлттық ұлан ардагерлері кірді.

Әскерлерде үлкен әскери-патриоттық жұмысты оның құрылуының басында тұрған генералдар мен офицерлер жүргізеді. Біздің тәлімгерлеріміз: Халық қаһарманы, генерал-полковник Қайырбек Сүлейменов, генерал-лейтенант Болат Жанасаев, полиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков, генерал-майор Дәулет Салханов, генерал-майор Қалиақпар Тоқышев, генерал-майор Ерсайын Рүстемханов, полковниктер Сәбит Ахметов пен Айдар Оразбаев және басқаларының өмірлік және қызметтік бай тәжірибесі әрқашан сұранысқа ие. Олар жас офицерлермен өз тәжірибелерімен бөлісіп, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге елеулі үлес қосып келеді.

Аға ұрпақтың даңқты істерін қазіргі ұландықтар абыроймен жалғастыруда. Ұлттық ұланның әскери қызметшілері күнделікті қызмет атқару кезінде батылдық, қырағылық танытуда, әр түрлі жағдайларда азаматтарға қол ұшын созып, жанқиярлық істерге барып жатады.

Бірнеше мысал келтіре кетейін. 2023 жылдың наурыз айында Қызылорда қаласының орталығындағы сауда нүктелерінде болған өрт кезінде Ұлттық ұлан жауынгерлері өрт сөндірушілер келгенше жалын шарпыған үй-жайға кіріп, азық-түлік және киім-кешек тауарларын шығарды. 5547 әскери бөлімі әскери жасак бастығы ефрейтор Мұхаметәлі Жақсыбай, патрульшілер қатардағы жауынгерлер Ғани Қосылған мен Дарын Әбсадықұлының жедел іс-қимылдарының арқасында ірі сомаға бағаланатын саудагерлердің құнды заттары мен мүлкі аман алып қалынды.

Сол жылдың 23 маусымында елордалық бригаданың әскери қызметшілері Астанадағы каналда суға батып бара жатқан баланы байқап қалған. Әскери жасак бастығы Әлібек Ноғаев пәрмен бойынша болған оқиғаны баяндай салысымен суға секіріп, жасөспірімді құтқарып қалады. Белгілі болғандай, каноэде жаттығу жасап жүрген 12 жастағы спортшының қайығы екпінді желдің әсерімен аударылып қалған.

2022 жылдың маусым айында 5571 әскери бөлімінің әскери қызметшісі аға сержант Жарқынбек Айдарханбеков түнгі уақытта үйден шығып, жан дауысы шығып көмек сұраған әйелдердің дауысын



естиді. Дауыс шыққан жерге келгенде белгісіз ер адамның екі әйелді пышақпен жарақаттағанын көреді. Осы кезде қаскөй оны байқап, оқиға орнынан қашуға ұмтылған. Алайда, Жарқынбек қаскүнемді қуып жетіп, самбо әдісімен заласыздандырған. Осы ерлігі үшін Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысының Жарлығымен аға сержант Ж.Айдарханбеков «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Ұлттық ұланның құрылған күнінен бері әскери борышын орындау кезінде 250-ден астам әскери қызметші мемлекеттік наградалармен, оның ішінде 2 адам еліміздің жоғары мемлекеттік наградасы «Халық қаһарманы» атағымен марапатталды. Өкінішке қарай, 27 әскери қызметші қайтыс болғаннан кейін наградталды. Біз қайтыс болған жауынгерлердің отбасын ұмытпаймыз және оларға қолдау білдіреміз.

2023 жылдың 2 қарашасында Мәдениет министрлігінің Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының тапсырысы бойынша арнайы мақсаттағы жасақ туралы «Burkit» көркем фильмі қазақстандық прокатқа шықты. Бұл – әскери қызметшілер жасаған ерлік оқиғаларына негізделген үшінші кинокартина. Мақсаты – жастар арасында ар-намыс пен қадір-қасиетті, достық пен патриотизмді, Отанға деген сүйіспеншілікті және антқа адалдықты насихаттау.

Жалпы, Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің моральдық-психологиялық жай-күйі бізге жүктелген барлық қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында «Біз әділ және бәсекеге қабілетті экономика жүйесін құруға кірістік. Экономиканы әртарапандыру және монополиядан арылту, инфрақұрылымды жаңғырту, бизнесті қолдау, инвестиция тарту жұмыстарымен мықтап айналысамыз» деген еді. Бұл тұрғыда ұландықтар елдің саяси бағытын қолдайтынын, Әділетті Қазақстан құру жолында мемлекет мүдделерін қорғау үшін кез келген бұйрықты орындауға дайын екенін атап өткім келеді.

– *Сұхбатыңызға рахмет.*

Әңгімелескен
запастағы полковник
Қуаныш ҚОЖАХМЕТОВ,
Астана қаласы



ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ БАҚТЫҚОЖА ІЗМҰХАМБЕТОВ: «ҰЛТТЫҚ ҰЛАН – ЕЛ АЙБЫНЫ»



– Бақтықожа Салахатдинұлы, сұхбатқа келіскеніңіз үшін алғысымызды айтамыз. Бірінші сұрақты елдің қорғаныс қабілеттілігі туралы қойсақ, әр ел үшін аталмыш сала маңызды екені сөзсіз. Ұлттық ұланның ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі орны туралы айтып өтсеңіз. Бүгінгі әңгіmemізді осы тақырыптан бастасақ.

– Иә, айтуыңыз дұрыс. Тақырып өте ауқымды. Қорғаныс қабілеті, ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің бірінші басымдығы. Баршаңызға белгілі еліміз өз тәуелсіздігінің үшінші он жылдығына аяқ басты. Осы уақытқа дейін Қарулы Күштерін, ұлттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырды. Заман үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Заманауи қауіп-қатерлердің түрі де, ауқымы да үнемі өзгеріс барысында. Экономика басты басымдықтың бірі болғанымен, одан басқа да аса маңызды құндылықтар барын ұмытпағанымыз абзал. Солардың негізгісі – жоғарыда айтып өткен елдің қорғаныс қабілеттілігі. Әскер, күш-құрылымдар елімізді сыртқы жаудан

Елді қорғау әр кезде де маңызын жоғалтпайды. Отанды қорғау, қорғаныс қабілеті және патриоттық тәрбие тақырыбын бүгінгі мақаламызға арқау еттік. Осы және басқа да сұрақтар төңірегінде ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі, Қазақстанның Еңбек Ері депутат Бақтықожа Салахатдинұлы Измухамбетовті сөзге тартқан едік.





да, ішкі қауіп-қатерден де қорғауы тиіс. Осы арада мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы әскері туралы айтып өткім келеді. 30 жылдан аса ұландық әскери қызметшілер өздерінің елеулі еңбектерімен ұлттық қауіпсіздік жүйесінде өз орындарына сәйкес екенін дәлелдеуде. Осы жылдар ішінде біз елмен бірге жасасып, өркендеп келеміз. Әрине, бастапқыда материалдық-техникалық қамтамасыз етуде қиындықтар болды, кадр тапшылығын да бастан өткерді. Десе де, құқықтық тәртіп әскері қиындықтарды еңсере отырып, өз міндетінің үдесінен шыға білді. 2014 жылдың 21 сәуірі – тарихи маңызы бар кезең. Дәл сол күні ІІМ Ішкі әскерлерінің заңды мұрагеріне «Ұлттық ұлан» мәртебесі берілді. Ұлттық ұлан жеке құрамы өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен атқаруда. Ата заңда жазылған Отан алдындағы антқа адал. Азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін және қоғам құндылықтарын, территория тұтастығын, мемлекет мүддесін қорғауда қырағылықтың жоғары үлгісін көрсетіп келеді. Әскердің әлеуетін арттыру мақсатында 2015 жылдың 10 қаңтарында «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» Заң қабылдадық. Онда Ұлттық ұланға жүктелген ескі функциялармен қатар, жаңа функциялар да енгізілді. Осы уақыт ішінде офицерлер корпусы, келісімшарт бойынша әскери қызметшілер, мерзімді қызметтегі сарбаздар біздің халқымыздың мүддесі үшін кез келген міндетті орындай алатынын дәлелдеді.

– **Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Қаңтар оқиғасынан кейін жасаған Үндеуінде қорғаныс, қауіпсіздік саласын реформалау туралы көп айтты. Сондай-ақ, Ұлттық ұлан әскеріне де жеке тоқталып өтті. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?**

– Дұрыс айтасыз. Жалпы ішкі тұрақтылық пен тыныштық сөзінің мәнін жетік түсіне алдық па? Соңғы жылдары көп айтылғаннан бұл сөздің мәні кете бастады ма? Уақыт көрсеткендей, тұрақтылықты қалыптастырып, сақтау үшін сабыр қажет. Айналасы қақтығыстың отынан отыз жыл бойы аман болған еліміз тұрақтылық пен тыныштықтың аралындай көрінген еді.



Адасып, сабыр жоғалғанда, еститін құлақ, мейірімді жүрек қалмағанда бар құндылықтар жойылады. Ішкі шебімізді қайтпас қайсар сақшыдай күзететін күш – құқықтық тәртіп әскері. Яғни, Ұлттық ұлан.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жедел елордалық бригадаға барған алғашқы сапарында Ұлттық ұланды «нағыз ерлік пен патриотизм мектебі» деп жоғары баға берді. Уақыт көрсеткендей біздің әскери қызметкерлер өздерінің жауынгерлік міндетін абыроймен атқарып, өмірлерді құтқарып, өз өмірлерін қауіпке тіге жауынгерлік тапсырмаларды орындады. Жаңаөзен, Ақтау, Атырау, Орал, Ақтөбе, Өскемен, Қарағанды, Тараз, Шымкент және тағы басқа қалаларда құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет атқару барысында Ұлттық ұланның 400-ге жуық әскери қызметшісі жарақат алды. Жамбыл облысындағы Қордай ауданындағы оқиғаларды оқшаулауға қатысты. Ұландық жауынгерлер халықтың алғысына бөленді, ұландықтардың қызметіне қатысты көптеген жылы сөздер айтылды. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы билік органдарымен үйлесімді жұмыс атқарылды. Былтыр Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Бүкілармиялық кеңесте әскеріміздің әлеуеті көрінді. Әсіресе, Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының басқосудағы баянатында құқықтық тәртіп әскерінің Отан

қорғаудағы шынайы елжандылығын айтса болады. Сонымен қатар, Ұлттық ұлан Әнұраны орындалғандағы офицерлердің қосыла шырқауы үлкен әскер қалдырды. Демек, Ұлттық ұланда идеологиялық жұмыс, тәрбие жұмысы лайықты деңгейде жүргізіліп жатыр деген сөз. Бұны мен ғана емес, бүкіл жиналған қауым байқады.

– **Демек, ұландықтар батыр бабаларымыздың жолын жалғастырып келеді деген сөз бе?**

– Иә. Байқадыңыз ба, біздің ұлы ата-бабаларымыз көлемі жағынан әлемде 9-шы орын алатын үлкен аумақты қалдырды. Ойлап көріңіздерші, олардың рухы қандай еді?.. Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деген сөздері тарихымызды айшықтауда. Біз қандай да бір қиындықтарға немесе «соққыларға» қарамастан, аумақтық тұтастығымызды сақтауға міндеттіміз. Біздің мемлекет – Қазақстан халқының тірегі. Өйткені біздің жеріміз бауырластық пен достықта тұратын көптеген этностар мен ұлттардың өкілдерін біріктіреді. Баршамыздың ортақ үйіміз – Тәуелсіз Қазақстан!

Біз жақында азаматтардың арасында құқықтық тәртіп әскерлеріне деген сенім туралы сауалнама жүргізгенбіз. Нәтижесінде Ұлттық ұлан сарбаздарына күн сайын қоғамдық тәртіпті сақтауға, пенитенциарлық жүйенің стратегиялық объектілері мен мекемелерін күндіз-түні, қат-



ты ыстықта және сақылдаған сары аязда күзету қызметін атқаратын 19 жасар балаларға деген құрметтің жоғары деңгейі анықталды. Кейде Ұлттық ұланның жауынгері заңға бағынатын азаматты қылмыскерден бөлетін соңғы бекет болады. Оны біз жоғарыда айтып өткен мысалдар арқылы көре аламыз.

– *Біртуар перзентіміз Бауыржан Момышұлы «командир шығармашылық тұлғасы» деп жазған болатын. Осы туралы айтып өтсеңіз.*

– Әрине, погон таққан азаматтардың арасында ер Бәукең – Бауыржан Момышұлының орны ерекше. Өйткені, оның айтқан сөздері мен ойлары әлі күнге дейін өзінің өміршендігін жоғалтқан жоқ. Байқап көріңізші, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін не өзгерді? Адамдармен жұмыс істеу тәсілдері, міндеттерді түсіну, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұлттық дәстүрлердің рөлін түсіну? Біз Бәукеңнің ойларын дамытуға міндеттіміз. Александр Бектің «Волоколам тас жолы» кітабы әр патриоттың оқитын кітабы болуы керек. Бауыржан Момышұлының «Командирдің күнделігі», «Соғыс психологиясы» секілді еңбектері әр офицердің үстел үсті кітаптарына айналуы керек.

Офицердің дүниетанымы жоғары оқу орнының қабырғасында жатыр. Сондықтан біз жас ұрпақты дайындауға және толықтыруға көп көңіл бөлуіміз қажет.

Біздің тарихымыздағы ең жарқын тұлғалардың бірі – Бауыржан Момышұлы. Ол – батыр, тәрбиеші, жазушы, ойшыл адам, стратег. Біздің қазіргі тарихымызда да жастарға үлгі болар әскери қайраткерлер жеткілікті. Олар: алғашқы Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағанбетов, әскери қайраткер Мұхтар Алтынбаев, Халық Қаһарманы Бакытжан Ертаев. Сонымен қатар, әскери ғалым, генерал-лейтенант Абай Тасболатов ерекше тұлға, жастар үшін нағыз үлгі.

– *Бақтықожа Салахатдинұлы, жыл басында Батыс Қазақстан облысына жасаған іс-сапарыңыз кезінде, әскерилердің қызметімен танысу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның «Батыс» өңірлік қолбасшылығына ат басын тіредіңіз. Оған дейін жоғарыда айтып өткен елордалық бригададағы көшпелі жиналысқа қатыстыңыз. Ұлттық ұланда қандай мәселелер бар екен, қызметі қандай деңгейде?*

– Орал қаласында орналасқан

Ұлттық ұланның 5517 әскери бөліміне сапар барысында әскери бөлімнің қызметтік жауынгерлік іс-әрекетімен, әскери техника түрлерімен, атыс қаруы және жеке құрамның түрлі жауынгерлік қызметтерді атқаруға арналған жабдықтарымен таныстық. Кездесу аясында Ұлттық ұланның «Батыс» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы полковник Бекайдар Қазкеев өңірлік қолбасшылықтың жеке құрамы орындайтын міндеттерін, оқу-материалдық базасы және әскери бөлімдердің тұрмыстық жағдайы туралы баяндады. Сонымен қатар өңірлік қолбасшылыққа қарасты әскери бөлімдердегі көпті толғандырған көкейтесті мәселелерге тоқталды. Парламент Мәжілісінің депутаты ұсыныстар мен туындаған мәселелерді тындады, оларды әрі қарай да шешу бойынша жұмыс жасайтынымыз туралы да кеңестік. «Әскери бөлімде болып көптеген мәліметтер алдым, сонымен қатар еліміздің қауіпсіздігін, тыныштығын қамтамасыз етіп жүрген әскери тұлғаларға үлкен құрметпен қарайтын азаматтардың бірімін», – деп құрметті қонақтарға арналған кітапқа жазба қалдырдым. Депутат ретіндегі көпжылдық тәжірибие



аясында еліміздің әскери бөлімдерінде болдық, шалғайдағы әскери ұжымдарды да араладық. Әскери қызметшілердің күнделікті, қажырлы қызметтерін көрдік. Уақытпен санаспай ел қорғауында жүрген азаматтар лайықты өмір сүру керек деген пікірді ұстанамын. Осыған дейін, өзіңіз айтып өткендей, Астана қаласының қасындағы Ұлттық ұланның жедел бригадасындағы көшпелі отырысына қатыстық. Айта кетейін, әскери қалашық барлық заманауи стандартқа сай соғылған. Онда әскери қызметшілердің, соның ішінде сарбаздардың Отан алдындағы қызметін атқаруға барлық жағдай уақытқа сай үлгіде жасалған. Жатын орны, ас мәзірі, киім-кешегі, тіпті мәдениет үйіне дейін бар. Таныстырылғаннан кейін біздің ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Айгүл Құспан басшылық еткен, ПМ-нің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов бастаған басшылық құрамы қатысқан көшпелі жиналыс өтті. Онда, әрине, құқықтық тәртіп әскерін толғандырып жүрген көптеген мәселе айтылды. Солардың бірі Қарулы Күштер әскери қызметкерлерінің, құқық қорғау және арнайы органдар қызметкерлерінің еңбек ақы-

сын төлеудегі жаңа жүйесі мәселесі. Өздеріңізге белгілі, елімізде елеулі деген мамандық иелерінің жалақылары белгілі бір деңгейге көтерілді. Онымен қоса, қымбатшылық та әскери қызметшілерді бүйірінен қысып барады. Кешегі жалақы олардың базалық қажеттіліктерін қанағаттандырса, бүгінде осы деңгей төмендеп барады. Демек, кешегі көзқарас бүгін жарамсыз болуы мүмкін. Оның үстіне, Қарулы Күштер, сондай-ақ, Ұлттық ұлттық ұлан әскери қызметшілері мен арнайы орган қызметкерлерінің арасында жалақыға байланысты диспропорция бар. Және ол жыл өткен сайын ұлғайып келеді. Ұландықтардың 80 пайызында бұл мәселе бойынша ішкі жайсыздық бар. Ол әлеуметтік сауалнама арқылы анықталды. Соңғы мәлімет бойынша Қарулы Күштерден осы мәселе бойынша 17 мың адам қызметтен кеткен, Ұлттық ұланда да бұл мәселе өткір болып тұрғанын білеміз. Сондай-ақ, Ұлттық ұланда жаңа әскери қалашықтар салу, жаңа қару-жарақ түрін сатып алу жоспарланған. Мұның барлығы қаржыны талап етеді. Бұған қоса, басшылықтарыңыздың мәлімдеуінше, ұландық әскердің штаттық бірлігі өсті. Олардың жалақылары мен тұрғын үй төлемдері бар. Оған да лайықты қаражат қажет. Біз өз тара-

пымыздан мәселелерді бірлесе шешуді көздеп отырмыз. Үкімет мүмкіндігінше, кезең-кезеңмен әскердің қалыптасқан қаржылық қажеттілігін шешеді деген ойдамыз.

Жалпы алғанда Ұлттық ұлан әскері өзіне жүктелген қызметтік міндеттерді лайықты деңгейде орындап келеді. Оны біз тек әскери оқу-жаттығулардан ғана емес, күнделікті өмірден де байқаймыз. Еліміздің қай қаласына барсақ та, көшедегі заңдылықты және тәртіпті ұландық жас жігіттер қадағалап жүреді. Оны көрген жұрт көшеде тәртіп барын сезеді. Ертеңгі күндері үшін, жалпы елдің болашағы үшін алаңдамай өмір сүреді. Әскери киімі мен жүріс-тұрысы жарасқан жауынгерлер елдігімізді, мемлекетіміздің ішкі қуатын көрсетіп тұр. Ұлттық ұлан – ел айбыны деп айтылатыны осыдан. Ұландықтардың қызметі табысты, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

– Алтын уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет!

– Сізге де рахмет!

**Сұхбаттасқан
подполковник
Дарын СЕЙТОВ**



ҰЛАНДЫҚ МЕРЕКЕ

Елордада құқықтық тәртіп әскерлерінің құрылу күніне орай ҚР Ұлттық ұланының Ән-би Ансамблі мен Үлгілі-көрсетімді оркестрінің Гала-концерті өтті. «Ұлттық ұлан – елдің қорғаны» атты концерт әртістердің ерекше өнерімен және композицияларымен есте қаларлықтай болды.

Талантты өнер иелерінің орындауындағы Отанға деген сүйіспеншілік туралы патриоттық әндер халықтың жүрегінен бұрыннан орын алған. Ұлттық ұлан Ән-би ансамблінің әншілері мен бишілерінің және ансамбль музыканттарының біздің елімізде бірде-бір ірі патриоттық іс-шаралар өткізілмейді.

Әскери тақырыптағы концерттер міндетті түрде шығармашылық ұжым-

ның сахналық қойылымдарымен жалғасуы дәстүрге айналған.

Бүгінгі таңда Ұлттық ұланның Ән-би ансамблі отандық өнер саласындағы ең үздік кәсіби ұжымдардың бірі ғана емес, сонымен қатар еліміздің күш ведомстволары арасында елордада және еліміздің өңірлерінде Гала-концерттермен өнер көрсететін жалғыз әскери-музыкалық ұжым.

Оларды алғашқы ми-

нуттардан бастап зал үлкен қошеметпен қарсы алды. Қалыптасқан дәстүр бойынша концерт ұландық оркестрдің орындауындағы мерекелік фанфарлардың үнімен басталды.

«Жасай бер, ұландар» атты алғашқы композиция 32 жыл бойы қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін сенімді қамтамасыз етіп келе жатқан Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне арналды. Ән-би ансамблінің хор солистерін Үлгілі-көрсетімді оркестрінің музыканттары кәсіби сүйемелдеді.

Биылғы концерт көрермендерді танымал отандық әртістер мен еңбек сіңірген өнер қайраткерлерінің жарқын қойылымдарымен ғана там-

сандырған жоқ, сондай-ақ әскери қызметшілердің ұйымындастырған қойылымдарымен де қуантты. Сахнада ұландықтармен бірге отандық эстрада жұлдызы Маржан Арапбаева Юрий Саульскийдің музыкасына «Желаю тебе, земля моя» композициясын орындап, өзінің талантымен таң қалдырды. Оның қойылымы концертке қатысқандардың барлығының есінде қалған нағыз көркем шедерге айналды.

Концерттік бағдарлама тек лирикалық және әскери композицияларды ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы композицияларды да қамтыды, сондай-ақ оркестрдің орындауындағы қазақ күйлерінің әуендері арқылы еліміздің





мәдениетінің тарихын білдірді.

Ансамбльдің солисі Денис Яковлевті ерекше атап өткен жөн. Ол «Балқадіша» атты шығарманы орындап, өзінің талантымен барлық көрермендердің жүрегінен орын алды.

Залда көрермен ретінде Ішкі істер органдарының, сондай-ақ басқа да өзара іс-қимыл құрылымдарының ардагерлері қатысты. Олардың құрметіне «Ардагерлер» композициясы шырқалды. Ұлттық ұланның Құрмет-қарауыл ротасының әскери қызметшілері қарумен көрермендерге виртуоздық дефиле ұсынды.

Гала-концерт дәстүрлі түрде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Естай Мұқашевтің және Ұлттық ұланның Ән-би ансамблі мен Үлгілі-көрсетімді оркестрі ұжымының орындауындағы «Елдің қорғаны» әнімен аяқталды.

ҚР Ұлттық ұланының баспасөз қызметі



АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

15 ақпан күні Қазақстан, бұрынғы Кеңес Одағының басқа елдері сияқты, Ауғанстанда халықаралық борышын өтеген ардагерлерін құрметтейді.



Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығарылғанына 35 жыл толуына орай Ұлттық ұланның әскери қызметшілері де тақырыптық кеш өткізді.

Жыл сайын, 15 ақпанда Қа-

зақстанда Ауғанстаннан (Ауғанстан Ислам әмірлігі) әскерлерді шығару күні атап өтіледі. Ауған соғысының интернационалист жауынгерлері үшін бұл күн Ұлы Отан соғысының майдангерлері үшін Жеңіс Күні сияқты жарқын мереке болып табылады.

Тақырыптық кеш халықаралық борышын өтеу кезінде қаза тапқандарды еске алу үшін бір минут үнсіздікпен басталды. Осыдан кейін ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов ауған ардагерлеріне құттықтау сөз сөйледі.

- Бүгін біз өте маңызды оқиғаның 35 жылдығын атап өтеміз. Бұл интернационалист жауынгерлерді еске алу күні. Осы ұмытылмас күні бүкіл елде және Достастық елдерінде «өзеннің арғы жағындағы» халықаралық борышын өтегендер жиналып, барлық жауынгерлік жолдастарын – тірі және қаза тапқандарды еске алады.

«Ауғандықтардың «вигіктері олардың қызметтік тізіміне еніп қана қоймай, мемлекеттік және үкіметтік наградалармен марапатталды. Олар республика мен оның Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың шежіресіне енді. Бүгінде Ұлттық ұланда шектеулі контингент құрамында түрлі міндеттерді атқарған 71 ардагер бар. Бұл залда бізбен бірге қазір де әскери қызмет өткеріп жатқан ауған





жауынгерлері және, әрине, шектеулі контингент құрамында түрлі міндеттерді атқарған біздің құрметті ардагер интернационалист жауынгерлер бар. Қазіргі ұрпақтың теңдесі бар және кімнен үлгі алатын адам бар. Әкелер бастаған, ұлдары қолдаған батылдық эстафетасын бүгінде немерелері лайықты көтереді. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Ауған соғысының барлық ардагерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне зор денсаулық, отбасылық амандық, Отанымыз – Қазақстан Республикасының өркендеуі үшін жаңа Әскери және еңбек жетістіктерін тілеймін, - деді генерал-лейтенант Еркін Ботаканов.

- Ауған жауынгерлері өздері соғыстың не екенін сезінді. Көптеген кітаптар мен фильмдер осы қақтығысқа арналған. Соғыс кезінде көптеген сарбаздар мен офицерлер қаза тапты. Сондықтан біздің қасиетті міндетіміз – қаза тапқан жауынгерлерді еске алу және соғыс ардагерлеріне қамқорлық жасау. Бүгін біз ардагерлерімізге үлкен құрметпен және құрметпен карауымыз керек. Олар өмір сүріп, аман болсын, өмірден ләззат алсын, немерелері мен шөберелерін тәрбиелесін, – деді Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің төрағасы генерал-майор Қалиақпар Тоқышев.

Кешке Ауған соғысының ардагерлері қатысты: отставкадағы полковниктер Анатолий Перепелица және Бауыржан Досжанов, отставкадағы подполковник Айтбай Уваев, отставкадағы аға прапорщиктер Михаил Лукьянов және Өмірбек Аманов. Полковник Александр Во-



робьев, көптеген интернационалист жауынгерлер сияқты, Ауғанстанда қызмет еткеннен кейін ұзақ жылдар бойы Отанына қызмет етті.

Ол Коломна жоғары артиллерия мектебінің курсанты мен взвод командирінен Ұлттық гвардия Бас қолбасшылығының жауынгерлік дайындық бас дирекциясының артиллерия қызметінің бастығына дейін барды.

- 1989 жылы 12 ақпанда Амудария өзені арқылы өтетін көпірден өтіп бара жатып, әлі жас лейтенант ретінде Мен: «енді ешқашан машинаны алмаймын» деп ойладым. Бірақ сонша жыл өтті, әлі күнге дейін менің жеке қаруым бар, онымен жұмыс істеймін, құқықтық тәртіп әскерлерінің әскери қызметшілеріне оны жақсырақ зерттеуге тырысамын. Отан жерді бейнелейді. Сіз онда тұрасыз, олар сізге жақын туыстар мен жақындарыңыз. Біржола есте сақтаңыз-Сіз Отанға қызмет етесіз,

оны қорғайсыз! Мен сіздердің осы парызға әрдайым абыроймен және абыроймен қарағаныңызды қалаймын, және біз сіздің жауынгерлік тәжірибенізді дұрыс жасау үшін жұмсауға тырысамыз, – деп атап өтті полковник Александр Воробьев.

Елордалық жедел бригада қабырғасындағы салтанатты іс-шара ән және би ансамблі мен үлгілі-көрме оркестрінің тақырыптық концертімен аяқталды. Бөлімнің мәдени-демалыс орталығының сахнасында «Синева», «Ауғанстан», «Қара қызғалдақ», «Ауған туралы», «Мен өмір сүргім келеді», «Виват Шурави» және сол соғыстың басқа да көптеген әндері орындалды.

**ҚР Ұлттық ұланының
баспасөз қызметі**



«ОФИЦЕР АТАНҒАНЫМДЫ МАҚТАН ЕТЕМІН!»



Техника және қару-жарақ басқармасы – Ұлттық ұланның жауапты басқармаларының бірі. Қару-жарақ пен автобронетанкілік техника бөлімдерінен құрылған бұл басқарманың атқаратын жауапкершілігі мол. Олай болса, журналымыздың бүгінгі санында әңгімемізді техника және қару-жарақ басқармасы автобронетанкілік бөлімі автомобильді қызметінің бастығы подполковник Нұрлан Халиковпен өрбітеміз.

Нұрлан Теміржанұлы аталмыш лауазымда 2021 жылдан бері қызмет етуде. Оның айтуынша, техникалық қамтамасыз ету офицері атану – мақтаныш және мемлекетіміздің қауіпсіздігі үшін кішкентай болса да өзінің үлесін қосу – міндеті деп санайды.

Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының Техника және қару-жарақ басқармасының автомобильді қызметінің міндеті – әскерді техникамен және техникалық мүлікпен қамтамасыз ету, олардың ешбір ақаусыз жұмыс жасауына және істен шыққан техника мен техникалық мүлікті қалпына келтіруге, техникалық қамтамасыз ету мамандарын даярлау болып табылады.

Егер автомобильді қызметтің

атқарған жұмыстарын 2022 жылдан бастап айтар болсақ, жаңадан құрылған бөлімшелерді автомобиль техникасымен жабдықтады, сонымен қатар, жауынгерлік қызметті тексеру үшін әскерлердің әскери бөлімдеріне «ВАХТА» үлгісіндегі жүк автомобилінің шассиіндегі автобустар, жүк көтергіштігі 3 тоннадан асатын жүк автомобильдері, жүк көтергіштігі 3 тоннаға дейінгі жүк автомобильдері, алғашқы қызмет көрсетуге арналған автомобильдер, ППҚ-ке арналған автомобильдер, арнайы контингентті тасымалдауға арналған автомобильдер, жүктерді тасымалдауға арналған тіркемелер, автобустар, пикаптар, жеңіл автомобильдер, шағын автобустар сатып алынды. 2023 жылы қосалқы

бөлшектерді сатып алуға ақшалай қаражатты 280 000 000 теңгеден 1 250 000 000 теңгеге дейін ұлғайту бойынша бюджет қорғалды. Бұл да біздің аталмыш қызметтің жемісі деп айтқан болар едім.

2014 жылдан бастап әскерлерге автомобиль техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жабдықтары мен құралдарын сатып алу үшін ақшалай қаражат бөлінбеген, алайда 2023 жылы жабдықтар мен құралдарды сатып алу үшін 55 000 000 теңгеден астам сомаға ақшалай қаражатты ұлғайту бойынша бюджет қарастырылып, қорғалды. Оны да үлкен жетістік деуге болады.

Біздің тарапымыздан техникамен жабдықтау және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша жүргізілген және жүргізіліп жатқан барлық жұмыстар Ұлттық ұлан әскери бөлімдерінің жауынгерлік дайындығын едәуір арттыруға мүмкіндік береді және біз сол мақсатта қызметімізді жалғастыра береміз, - дейді қызмет бастығы подполковник Нұрлан Халиков.

Ал қызмет бастығы Нұрлан Теміржанұлының айтуы бойынша, алда жоспар көп, атқарылатын жұмыстар да баршылық. Соның ішінде мамандарды арнайы даярлау деңгейін арттыру, (бірінші кезекте Ұлттық ұлан академиясының автокөлік жүргізушілерінің түлектері), әскерлерді автомобиль техникасымен жабдықтауға барынша күш салу, сонымен қатар автомобиль техникасын пайдалану және жөндеу бойынша озық тәжірибені зерделеу және талдау арқылы қызметті дамыту екенін айтып өтті.

Ұлттық ұлан сапында Бас қолбасшылықтың жауапты қызметінің бірін арқалап жүрген кейіпкеріміздің өмірбаянына да тоқталып өткеніміз жөн болар. Подполковник Нұрлан Халиков 1980 жылы 19 тамызда Павлодар облысы, Железең ауданы, Аллакөл ауылында агрономшылар



отбасында дүниеге келген. Ол 1986 жылы Аллакөл ауылындағы орта мектептің табалдырығын аттады. Әріпті танытып, сауатын ашқан алғашқы ұстазы Байжанова Мадина Ысқакқызы оның әлі есінде. Нұрлан Теміржанұлы 1995 жылы 9 сыныпты бітірген соң, ата-анасының жолын қуып, «агроном-экономист» мамандығы бойынша Павлодар қаласындағы аграрлық-техникалық колледжіне оқуға түсіп, оқу орнын 1999 жылы аяқтап шықты.

Ер-азаматтың міндеті – Отанға қызмет ету болғандықтан, Нұрлан Теміржанұлы әскерге барып, борышын өтеуді жөн деп санайды. Сөйтіп, ол сол кездегі 1999 жылы Ішкі әскер, қазіргі Ұлттық ұланның сержанттар мен кіші мамандарды оқытатын 6654 әскери бөліміне мерзімді әскери қызметке қабылданады. Қызметін аталмыш әскери бөлімнің автомобиль ротасында атқарып, 2001 жылы старшина әскери шенімен азаматтық борышын ойдағыдай аяқтап шығады.

– Мерзімді әскери қызметті аяқтауға бір ай шамасында 6654 әскери бөлім штабының бастығы қызметін атқарған подполковник Ақзам Жанболатов маған келісімшарт бойынша әскери қызметімді жалғастырып және ҚР ІІМ Ішкі әскерлерінің Петропавл Жоғары

әскери институтына оқуға түсуге кеңес берді. Бірақ, әскери адам болу жоспарымда болмағандықтан, ол ұсыныстан бас тартқан болатынмын. Себебі, мен туған жерім Павлодар қаласына оралып, мамандығым бойынша жұмыс істегім келді. Азаматтық борышымды аяқтап, отбасыма, туған-туыстарымның ортасына оралып, бір ай демалғаннан кейін әскерге бойым үйренісіп қалғаны соншалық әскери өмірді сағына бастадым. Иә, расымен де қызық...

Сонымен, бір күні кездейсоқ 6654 әскери бөлімі батальон командирінің техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары қызметін атқарған капитан Асылхан Шадиевті кездестіріп қалдым. Ол Павлодар қаласындағы 5512 әскери бөлімі командирінің техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары лауазымына ауысқан екен. Мені келісімшарт бойынша автотехникалық взводтың көлік бөлімінің командирі лауазымы бойынша қызметке тұруға ұсыныс тастады. Мен де көп ойланбастан Ұлттық ұлан қатарында қызмет етуге бел будым. Сөйтіп, 2001 жылы мен әскер қатарына келдім. Қызмет ете жүріп, жоғары оқу орнына түсуді көздеп, Павлодар қаласындағы «Қайнар» университетіне сырттай бөліміне оқуға түсіп, оны 2005 жылы аяқтадым.

Қызметке қабылданған 2003 жылы «прапорщик» әскери атағы берілді. 2005 жылы 5512 әскери бөлімінің автотехникалық взводының взвод командирі офицерлік лауазымына тағайындалып, бір жылдан соң, яғни 2006 жылы алғашқы офицерлік «лейтенант» әскери атағы берілді. Осылайша, менің әскердегі өмірім өтіп жатты. 2007 жылы 5512 әскери бөлімі әскери техниканы қаруландырудың жылдық техникалық тексерісінен «өте жақсы» бағаланып, мені сол әскери бөлімнің автобронетанкілік техникалық қызметтің бастығы лауазымына тағайындады. Ал 2009 жылы Өскемен қаласындағы 5518 әскери бөлімінің автобронетанкілік қызметінің бастығы лауазымында да қызмет еттім және ол әскери бөлімнің автоқызметінің алға жылжып, дамуына өзімнің үлесімді қостым деп санаймын. Одан кейін 2011 жылы 5512 әскери бөлімі командирінің орынбасары (техника және қару-жарақ бойынша) лауазымына тағайындалып, жинақталған қызметтік тәжірибемді жас әскери қызметшілерге үйреттім. Маған жүктелген қандай да бір лауазымдарды мен атқарған қызметімнің жемісі және маған сеніп тапсырылған жауапкершілік деп қабылдаймын.

Мен қызмет ете жүріп, үнемі

білімді шыңдауға тырысатынымын. Сол мақсатпен 2012 жылы Ресей Федерациясының Мәскеу қаласындағы Фрунзе атындағы Жалпы Әскери академиясының «дивизия командирінің қару-жарак жөніндегі орынбасары» мамандығының тыңдаушысы бола жүріп, С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университетінің машина жасау факультетінің «автомобильдер мен автомобиль шаруашылығын пайдалану жөніндегі инженер» мамандығы бойынша сырттай бөлімінде білім алдым және ол оқу орнын 2014 жылы аяқтадым, – дейді подполковник Нұрлан Халиков.

Нұрлан Теміржанұлы, сонымен қатар, әскери қызмет жолында «Шығыс» ӨңК қызмет (автомобиль) бастығы, 6679 әскери бөлімі (техника және қару-жарак бойынша) командирінің орынбасары лауазымдарында да өзін жақсы қырынан танытқан. Подполковник Н. Халиков 2016 жылы Ұлттық қорғаныс университетінің Ұлттық ұлан факультетінде «Әскери істегі логистика» мамандығы бойынша білім алады. Ал 2018 жылы 6654 әскери бөлімі командирінің орынбасары (техника және қару-жарак бойынша) лауазымына



тағайындалды. Қаракемер кентінде бір жылға жуық қызмет етіп, 2019 жылы «Оңтүстік» ӨңК техника және қару-жарак басқармасының бастығы лауазымында да қызмет атқарып, өзіне тәжірибе жинақтайды. Сонымен қатар, 5572 әскери бөлімінің (техника және қару-жарак бойынша) командирі орынбасары лауазымында еңбек етті. Сөйтіп, 2021 жылы ҚР Ұлттық ұланының Бас қолбас-

шылығы техника және қару-жарак басқармасының автобронетанкілік техника бөлімінің (автомобиль) қызмет бастығы лауазымына тағайындалды және осы уақытқа дейін ол қызметті абыроймен өтеуде.

Кейіпкеріміз жұбайы Айнұр Халиковамен екі баланы тәрбиелеп отыр. Айнұр Нұралдықызы Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы-





ның тумасы және Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетін бітірген, қазіргі уақытта салық қызметі органдарында жұмыс істейді. Тұңғыш баласы Сұлтан 2010 жылы туылған, қазіргі уақытта мектептің 7 сынып оқушысы және ол футбол ойнағанды ұнатады екен, ал 2019 жылы туған екінші баласы Әмір жүзумен және бокспен айналысқанды жаны сүйеді.

Нұрлан Теміржанұлының әкесі Теміржан Ысқақұлы 1946 жылы РСФСР Новосібір облысы Чанов ауданы Мәметкина ауылында дүниеге келген. Бірақ 1956 жылы отбасымен бірге ҚазССР Павлодар облысы Железный ауданы Камаровка ауылына көшіп келген. Теміржан Ысқақұлы 1971 жылы Алматы қаласының ауыл шаруашылығы институтын «агроном» мамандығы бойынша бітіргеннен кейін Павлодар облысының әртүрлі совхоздарында жұмыс істеген. Совхоз директорының орынбасары, бас агроном лауазымында да еңбек етіп, ұрпағына ұлағатты тәрбие берген. Ал анасы Халикова Райхан Сыдыққызы 1950 жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қаракемер ауылында дүниеге келген, 1973 жылы Алматы қаласының ауыл шаруашылығы институтын «агроном» мамандығы бойынша бітірген, өсімдік шаруашылығымен байланысты лауазымдарда жұмыс істеген, еңбек жолын республикалық әдістемелік орталықта фитопатолог лауазымында аяқтаған. Ал бауыры Халиков Ерлан Теміржанұлы 1973 жылы туған, кәсіпкерлік қызметпен айналысады. Алматы қаласында тұрады, отбасылы, екі бала тәрбиелеп отыр.

Нұрлан Теміржанұлының техникаға деген қызығушылығын әкесі Теміржан Ысқақұлы оятты. Әкесі агроном болғандықтан, егін егу, егістік және егін жинау сияқты жұмыстарды ұйымдастырып, бақылауда ұстаған. Кейіпкеріміз де әкесімен бірге жұмысқа араласып, техниканың қалай жұмыс жасайтынын және оның қызметі қандай деген сұрақтарына жауаптар алған. Тіпті, 8 жасында Нұрлан Теміржанұлына әкесі УАЗ көлігін жүргізуді үйреткен.



Оқушылардың ең бақытты жазғы үш айлық демалысында әкесімен бірге егістік алқабына келіп, табиғат аясында тамақтанып, техниканы қызықтап, бақытты сәттерін өткізгені туралы жылулықпен есіне алады. Тіпті өзінің алғашқы мамандығы «агроном-экономист» мамандығы бойынша емес, Ұлттық ұланның Отан қорғау жолында қызмет етуіне әкесінің үлесі бар екенін айттып отыр. Осы орайда, дана қазақ халқының «жақсы әкенің даналығы – балаға мың жылдық азық» деген ұлағатты сөзі ойға түседі. Шынымен де, әкенің жанында өскен ер бала өзіне титтей де болса сабақ алып, соны өмірлік қызметіне, қағидасына айналдыратыны сөзсіз.

Нұрлан Теміржанұлын нағыз ер-азаматқа лайық қылығы бар, артық сөзі мен ісі жоқ офицер ретінде таныдым. Әскерден келгеннен кейін өмірін осы Отан қорғау жолына арнаған офицер өзінің мамандығымен мақтанатынын, өз жолын әскерден тапқанына еш өкініші жоқ екенін айтып өтті. Олай болса, алдағы қызметіңізге жеміс тілейміз және бұдан да биік белестерден көріне беріңіз деген тілек білдіреміз.

**Лейтенант
Құралай ЖҰМАҚЫЗЫ**

НАУКОЙ И ДЕЛОМ

Специалисты-кинологи вносят свой весомый вклад в поддержание правопорядка на улицах городов, активно участвуют в борьбе с преступностью, в обеспечении надежности охраны объектов и конвоирования, задержании преступников и розыске пропавших людей. В Национальной гвардии специалистов-кинологов обучают на базе кинологического центра воинской части 6654 поселка Каракемер. А возглавляет его Заместитель начальника штаба (начальник кинологического центра) подполковник Альмир Файласов.



– *Альмир Радикович, для начала расскажите немного о себе.*

– Я из простой семьи. Из города Макинск Буландинского района Акмолинской области. Моя мама работает поваром, а папа - на предприятии, которое занимается выращиванием хлеба.

В 2000 году после окончания 9 класса я загорелся желанием стать военным. На меня позитивно повлияли военно-патриотические фильмы и мой родной дядя - полковник в отставке Загид Гималдинов, который обеспечивал противоздушную оборону на Сахалине и в Москве. 10 и 11 класс для меня стали решающими в плане физической подготовки. Именно в то время я начал активно заниматься в спортивных секциях. Кроме того, у меня появилась склонность к радиodelу. Хорошо дружил с физикой и представлял свою школу в районных и областных олимпиадах Акмолинской области. После окончания 11 класса я решил стать спасателем-пожарным. Собирался поступить в Академию гражданской защиты им. М. Габдуллина (в то время она носила название Кокшетауского института противопожарной безопасности). Документы необходимо было собрать до 1 марта. Но опоздал и не получил последнюю справку. Я немного расстроился, однако решающую роль сыграло то обстоятельство, что пожарная часть стояла неподалеку от военкомата. Когда я пришел в военкомат, то попросил разрядку в Военную Академию Противоздушной Обороны Имени Маршала Советского Союза Г. К. Жукова в городе Тверь. А когда до мандатной комиссии оставалось всего пару дней, мне на домашний номер телефона позвонил сотрудник Комитета национальной безопасности полковник Максат Смагулов и предложил обучение в институте КНБ в городе Алматы. Посоветовавшись с родителями, я принял решение об обучении именно там.

Стоит отметить, что в 2002 году с нашей семьей произошел неприятный случай. В те времена шла постоянная охота на цветные метал-



лы. Нашу баню ограбили в то самое время, когда я был на областной олимпиаде в Степногорске. А потом недоброжелатели проникли ночью в сарай и порезали наш скот. И с тех самых пор я твердо решил, что необходимо бороться с преступностью!

– **Как Вы поступили в военный институт?**

– После собеседования мне вручили повестку и объяснили, что 3 июля я должен быть в Алматы. Когда я приехал в поселок Караой Илийского района Алматинской области, мы долго ожидали на КПП. На 270 мест в институте приехало поступать 600 абитуриентов.

По началу было сложно. Непривычные климатические условия и постоянные перепады температуры сказывались на нашей усталости. Однако тогда нам порекомендовали пить отвар верблюжьей колючки вместо воды. Он обладает антисептическими свойствами, предотвращает расстройство желудка и хорошо утоляет жажду.

– **Расскажите, как проходило обучение.**

– Во время учебы на первых парах трудно давалась тактика пограничной службы, то есть как организовывать охрану границы. Было непонятно, что такое граница, какой

там применяется сигнализационный комплекс, какой вид наряда туда выставляется и так далее. А в 2003 году нас отправили на первую стажировку. Я проходил стажировку на 5 пограничной заставе Барлык-Арасан Маканчинского пограничного отряда в Восточном Казахстане. Когда уже на практике я увидел, что к чему, вопросы по тактике пограничной службы я щелкал как орешки.

На 3 курсе за нами закрепили служебных собак, и мы ездили на стажировку уже в качестве начальников службы собак. Моя первая служебная собака была немецкой овчаркой по кличке Рэка.

В 2006 году в преддверии выпуска с нами проводил кураторскую работу представитель Внутренних войск полковник Сергей Тебеньков. На тот момент кадровый вопрос по привлечению квалифицированных кинологов на службу во Внутренние войска стоял очень остро. Сергей Юрьевич подробно рассказал нам о специфике службы, и я решил по окончании учебного заведения связать свою дальнейшую судьбу с войсками правопорядка.

– **А как сложилась Ваша дальнейшая служба?**

– 19 июля 2006 года меня и ещё шестерых выпускников представи-

ли начальнику управления боевой службы, на тот момент Комитета внутренних войск (ныне Главного командования), полковнику Владимиру Астанкевичу и генерал-майору Рашиду Фаткулину. Они провели нам краткий инструктаж и вручили мне предписание со словами: «Господин лейтенант, езжайте в столичную часть 6636». Так и началась моя служба во Внутренних войсках.

Так как я обучался на пограничника, чтобы разбираться, что к чему, мне организовали обучение азам конвойной службы, организации охраны колоний и так далее. В феврале 2009 года мне позвонил полковник Тебеньков и предложил стать начальником кинологической службы бригады, воинской части 6800, которая ныне является региональным командованием «Орталык». Я согласился и уже 6 марта прибыл на новое место службы. Расширился и круг выполняемых задач. Бригада выполняла боевые задачи оперативного назначения и задачи по охране важных государственных объектов.

В 2010 году в мессенджере Mail.ru - Агент познакомился с супругой Татьяной. Тогда она работала медсестрой окулиста в детской областной клинической больнице города Караганды. Как оказалось, ее место работы находилось около нашей части. В 2011 году мы создали свою ячейку общества. В 2019 году я прибыл на службу в воинскую часть 6654. В этом же году мне посчастливилось съездить в служебную командировку в Австрию. Там я посмотрел, как организована кинологическая служба у наших зарубежных коллег: условия содержания собак, материально-техническое обеспечение их центров, а также их способы дрессировки.

Также стоит отметить, что в 2020 году я принимал участие в обеспечении режима чрезвычайного положения в Кордайском районе Жамбылской области.

– **Практически каждый день наши граждане видят служебных собак Национальной гвардии на боевой службе. Расскажите о преобладающих породах собак.**

– Основные преобладающие породы у нас для разведения и выращивания – это бельгийская овчарка и немецкая овчарка зонарного окраса

линии шоу. Собаки линии шоу отличаются высокой рабочей способностью, уравновешенным характером, крепким здоровьем и типичным внешним видом немецкой овчарки. Это всем известная собака из фильма «Комиссар Рекс». Также есть и собаки рабочей линии — это зонарник, который обладает окрасом пепельного цвета.

Помимо овчарок в Национальной гвардии имеются и собаки породы алабай, которые занимаются охраной исправительных учреждений. Там они используются для караульной службы. Им выделяется определенный участок местности, ставится будка и они несут службу. Однако порода алабай достаточно сложна в разведении, так как у них есть своя особенность - проблема с половой системой.

Кроме того, у нас ещё и есть ротвейлеры. Не буду скрывать, когда я был начальником кинологической службы регионального командования «Орталык» (воинской части 6800), у меня был личный ротвейлер. Мне его передал мой товарищ. Однако ввиду того, что я проживал в съёмной квартире, у меня не было возможности содержать такую собаку. В связи с этим я передал её сначала в воинскую часть 5451, а потом, когда она уже повзросела и стала матерью, на улице её стало управлять сложно. Тогда её передали для несения службы по охране осужденных, отбывающих наказание в исправительном учреждении. Стоит отметить, что порода ротвейлеров там себя хорошо зарекомендовала.

В силовых структурах Германии и Австрии бытует такое понятие, что немецкая овчарка является собакой задержания, а ротвейлер, в свою очередь, - собакой удержания. Это значит, что если необходимо преступника удержать в каком-либо месте, то применяется ротвейлер, а если нарушителя нужно где-то долго преследовать и настигать, то используется немецкая овчарка.

Что касается сравнения породы немецкой овчарки и бельгийской овчарки - у каждой породы есть свои плюсы и минусы. Бельгийская овчарка подразделяется на четыре разновидности: Грюнендаль, Тервюрен, Малинуа и Лакенуа. В большей сте-

